

**Серікқазықызы Ақботаның «6D021300-Лингвистика» білім беру
бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін
алу үшін дайындаған «Армян-қыпшақ ескерткіштері тілінің
лингвистикалық интерпретациясы» атты диссертациясына отандық
ғылыми жетекшінің**

ШҚІРІ

Қазіргі тіл білімінде тарихи жазба ескерткіштердің тілін лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу – түркі халықтарының мәдени және тілдік сабақтастығын айқындайтын өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Серікқазықызы Ақботаның зерттеу тақырыбы – XVI–XVII ғасырларда жазылған армян-қыпшақ жазба мұраларын лингвистикалық тұрғыдан қарастыру – ғылыми жаңалығы мен өзектілігі жоғары бағыттардың қатарына жатады.

Диссертациялық зерттеу жұмысы тарихи лингвистика, этнолингвистика және гендерлік лингвистика сияқты қазіргі тіл білімінің жетекші бағыттарының теориялық ұстанымдарына сүйене отырып орындалған. Зерттеу нәтижелері түркі тілдерінің тарихи дамуы мен мәдени байланыстарының сабақтастығын тереңінен ашуға бағытталған.

Жалпы Серікқазықызы Ақботаның ғылыми жұмысы нақты мақсат пен міндеттерге негізделген, лингвистикалық дереккөздері мол және жүйелі түрде талданған. Зерттеу барысында құрылымдық, лексика-семантикалық, этнолингвистикалық және дискурстық талдау әдістері тиімді қолданылған. Алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы айқын көрінеді.

Зерттеу барысында автор төмендегідей маңызды ғылыми тұжырымдар ұсынған:

– Зерттеуде армян-қыпшақ жазба ескерткіштерінің зерттелу тарихы кешенді түрде жүйеленіп, бұл мұралардың түркі тіл білімінің дамуындағы тарихи және теориялық маңызы айқындалды;

– Армян-қыпшақ тілінің фонетикалық, морфологиялық және лексикалық ерекшеліктері қазіргі қазақ тілімен салыстырмалы тұрғыда талданып, олардың арасындағы генетикалық және типологиялық сабақтастық айқындалды;

– Армян-қыпшақ мақал-мәтелдеріндегі этномәдени және дүниетанымдық категориялар анықталып, олардың семантикалық интерпретациясы жасалды;

– Құқықтық мәтіндердегі гендерлік репрезентация мен әлеуметтік иерархияның тілдік көрінісі гендерлік лингвистика тұрғысынан алғаш рет кешенді түрде зерттелді.

Диссертация мазмұны бойынша берілген тараулар бір-бірімен өзара логикалық байланыста, тұжырымдары мен нәтижелері нақты дәлелдермен негізделген. Жұмыстың ғылыми аппараты толық, библиографиялық дереккөздері мол және заманауи лингвистикалық бағыттарға сай таңдалған.

Докторант зерттеу тақырыбына байланысты шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін кеңінен пайдаланып, зерттеу жұмысына терең ғылыми талдау жүргізген. Автордың ғылыми дайындығы жоғары, зерттеу барысында өз бетінше іздену, талдау және жинақтау қабілеттері айқын байқалады.

Жалпы жұмысты орындау барысында докторанттың 4 ғылыми мақаласы Қазақстан мен шетелдік беделді ғылыми журналдарда жарияланған. Оның ішінде біреуі халықаралық Q1 деңгейіндегі *Forum for Linguistic Studies* журналында жарық көрген. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері бірнеше халықаралық ғылыми конференцияларда баяндалып, оң баға алған.

Серікқазықызы Ақботаның ғылыми зерттеуі қазақ тіл білімінің дамуына, тарихи лингвистика мен этнолингвистика бағыттарының теориялық және әдістемелік әлеуетін арттыруға өз үлесін қосады. Зерттеу барысында алынған нәтижелер мен ғылыми тұжырымдар оқу үрдісінде, сондай-ақ жоғары оқу орындарының арнайы пәндерінде, тіл және мәдениет сабақтарында, этнолингвистикалық және гендерлік зерттеулерде пайдалануға болады.

Докторант жұмысының тілі ғылыми тұрғыдан сауатты, баяндау мәнері анық, логикалық байланысы мен стильдік жүйелілігі сақталған. Орфографиялық және стильдік қателер кездеспейді.

Қорытындылай келе, Серікқазықызы Ақботаның «Армян-қыпшақ ескерткіштері тілінің лингвистикалық интерпретациясы» атты диссертациялық жұмысы мазмұнының ғылыми жаңалығымен, теориялық маңыздылығымен және практикалық қолданбалы құндылығымен ерекшеленеді. Зерттеу барысында автор тарихи-компаративтік, лингвомәдени және гендерлік талдау әдістерін ұтымды қолданып, армян-қыпшақ жазба мұраларын кешенді тілдік тұрғыдан зерделей білді. Автор өз алдына қойған ғылыми мақсаттары мен міндеттерін толық орындап, зерттеу нысанын теориялық әрі қолданбалы деңгейде жан-жақты ашып көрсетті. Жұмыста алынған ғылыми нәтижелер лингвистикалық тұрғыдан түркі тілдерінің тарихи дамуы мен өзара сабақтастығын айқындауға, сондай-ақ қазақ тілінің генетикалық және типологиялық негіздерін тереңірек түсіндіруге елеулі үлес қосады. Зерттеу барысында алынған деректер мен тұжырымдар жалпы және салыстырмалы лингвистика, тарихи тіл білімі, сондай-ақ этнолингвистика салаларындағы ғылыми ізденістерге жаңа бағыт пен әдіснамалық бағдар береді. Осыған байланысты, Серікқазықызы Ақботаның бұл ғылыми еңбегін «8D02303 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға толық лайық деп есептеймін.

Отандық ғылыми жетекші

Филология ғылымдарының докторы, профессор

Р.А. Авакова

